

«№4 М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Оқу сауаттылығынан ҰБТ-ға дайындаудың тиімді жолдары

**(11-сыныпқа арналған қолданбалы курстың
күнтізбелік-тақырыптық жоспары)**

Пән мұғалімі: Мурзагалиева Р.У

2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

2012 жылы Үкіметтің қаулысымен бекітілген «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары» қабылданды. Ұлттық жоспардың мақсаты–Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау болып белгіленген болатын.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиетінің алатын орны ерекше. Оқушының бойына білім нәрін дарытуға көмек беретін функционалдық сауаттылық мұғалім бойында да болуы тиіс. Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында белсенді оқыту ортасын құруда мұғалімнің рөлі өте маңызды.

Оқушылар сыртқы ортада адамдармен, құрбыларымен, жанұясымен қарым-қатынас жасағанда оқу дағдысын қолданады, яғни ақпарат алмасу үшін, ақпарат беру үшін мәтінмен жұмыс жасайды. Қазақ тілі сабағында мәтінмен жұмыс үлкен рөл атқарады, сондықтан біз оқушыларға мәтінмен жұмыс жасау барысында орындалатын әр түрлі тапсырмалар беруіміз керек.

Соның нәтижесінде «Оқу сауаттылығына дайындық жоспары» атты әдістемелік көмекші оқу құралын жарыққа шығаруды жөн көрдім. Ұсынылып отырған көмекші құрал жалпы білім беретін мектептің 11-сыныптарына арналған. Бұл бағдарлама аптасына 2 сағаттан, жылға 68 сағатқа жүктелген.

Қазіргі заман балалардың функционалды сауатты болуын талап етсе, соның бірі – оқу сауаттылығы.

Оқу сауаттылығы дегеніміз – қарапайым тілмен айтқанда, бала өзі оқып отырған ақпаратты толықтай қабылдай біліп, ішінен негізгісін ала білуі.

Оқу сауаттылығы:

- Ақпаратты табу;
- Мәтінді интерпретациялау;
- Рефлексия және бағалаудан тұрады;

Қазақ тілі мен әдебиетінен оқушыларының оқу сауаттылығын арттыру жұмыстарының **мақсаты:**

Оқушылардың мәтін мазмұнын толық түсініп, ой жүгірте білуі, жан-жақты талдап, өзіндік пайымдауын қалыптастыруына мүмкіндік туғызу.

Міндеттері:

- Мәтіндерге өз тұжырымын жасай отырып, белсенділік таныту, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алуға даярлау;
- Тілдік жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсе алу даярлығын білдіретін құзыреттілікті қалыптастыру жолдарын қарастыру;
- ана тілін жетік білетін, ұлттық мәдени құндылықтарды бағалай алатын тұлға даярлау.

Маңызы – оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға, сөздік қорын молайтуға, адамгершілік, эстетикалық тәрбие беруге әсіресе әдеби және тарихи, ғылыми деректерді түсінуге көмектеседі. Оқушылар оқыған материалдарының мазмұнын дұрыс қабылдап, ондағы негізгі ойды жақсы ұғыну үшін оқу сабақтарында алуан түрлі жұмыстар ұйымдастырылады. Соның ішінде мәтінмен сауатты жұмыс жүргізе білуге үйрететін бірден-бір құрал түрлі жаңа технологиялар, әдістер мен тәсілдер. Тұлға құзіреттілігін дамыту үшін, яғни 11-сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңа инновациялық әдіс – тәсілдердің ең тиімдісін пайдалану жоғарғы нәтиже береді.

Интербелсенді оқыту барысында оқушылар өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді.

Күтілетін нәтиже:

- Мағынаны ажырата алады;
- Өз бетімен жұмыс істеу қүзіреті артады;
- Білім, білік, дағды деңгейі көтеріледі;
- Өз ойын айтуға төселеді;
- Функционалдық сауаттылығы артады.

Оқу сауаттылығы мәтіннен қажет ақпаратты табумен бағаланады:

1. Мәтіннен қажет болатын мейлінше көп ақпарат алу;
2. Мәтіннен ең қажетті ақпаратты табу;
3. Мәтіндегі ақпараттарды жіктеу;
4. Бұрыннан таныс және жаңа ақпараттарға жіктеу;
5. Терең мазмұнды ақпаратты табу;
6. Күрделі мәтінді қорытындылау;
7. Мәтіннен ой түю.

Қорыта келгенде, оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруда, мәтінмен сауатты жұмыс жасауға жетелейтін интербелсенді әдіс-тәсілдерді орынды, сауатты қолдана білу әр педагогтың міндеті. Ендеше заман ағымынан қалмай, түрлі жаңа технологияларды меңгеріп, оқытудың интербелсенді стратегияларын үздіксіз түрлендіріп қолдану арқылы ғана жақсы нәтижелерге, көздеген максаттарға қол жеткізуге болады.

Кіріспе


Мектептік білім беру жүйесін жаңа уақыт талабына орай жетілдіру білім беру жүйесін өзіміздің ұлттық болмысымызға, негізге алынған ұстанымдарымызға сай құруды қажет етеді. Осыған орай мектептегі берілетін білімді шынайы өмірмен ұштастырып, мектепті бітіруші түлектерді үлкен өмірге дайындау қажеттігі туындайды.

Оқу сауаттылығына білім алушының жазба жұмыстарды түсінуі және оларға рефлексия жасауы, өзінің мақсаттарына жету жолында олардың мазмұнын пайдалана алуы, білімінің дамуы және қоғамдағы өмірге белсене қатысу мүмкіндігі жатады. Оқығанын өмірлік мақсаттарға қолдана алу түсінігі мен қабілеті бағаланады.

Мәтін, жағдаят және сұрақ – оқу сауаттылығын бағалаудың 3 негізгі өлшемі. Оқуға арналған материалдар әртүрлі форматта көрсетілген, атап айтқанда, көркем әдебиет және ғылыми танымал мәтіндер, ресми құжаттар, қоғамдық маңызды жағдайлар туралы мәлімет, кестелер, графиктер, диаграммалар мен форматында.

Осылайша «білім алушылардың функционалдық оқу сауаттылығы» бағытында зерттеу әдістемесі тек қана оқуды емес, сонымен қатар адамның мәтінмен қатынасының жеке аспектілерін қарастырады. Бәрінен бұрын, жеке хаттарды оқуды енгізетін өз мақсаттары үшін оқу, көркем әдебиетке қызығушылық пен әртүрлі ақпараттық мәтіндер мен нұсқауларды есепке алады.

Мәтіндерінің шынайылығы (өмірдегі мысалдар) PISA тестерінің ерекшелігі болып табылады. Зерттеудің осы бағыты бойынша тест сұрақтары ретінде көркем мәтіндер қолданылады.



Оқу сауаттылығына дайындаудың 7 әдісі:

1. Алғашқы әдіс – мәтінге байланысты берілген сұрақтың тапсырмасынан бастау. Бір істі бастағанда оны қандай мақсатпен жасап отырғанымызды білсек, жұмысымыз жеңілдейді. Сол себепті алдымен сұрақтың тапсырмасын оқысаңыз, мәтінді оқып жатқанда автоматты түрде адамның миы оны түсінуге және шешуге бейімделіп оқитын болады. Тіпті мәтінді оқымас бұрын, алдымен жауап нұсқаларына көз жүгіртсеңіз, мәтінде не туралы айтылғанын және сізден не сұрап тұрғанын оп-оңай түсіне аласыз.
2. Сұрақтың тапсырмасын және сізден нені сұрап тұрғанын жақсылап түсініп алыңыз. Кейде сұрақтың тапсырмасында «айтылмаған», «берілмеген», «жатпайды» секілді болымсыз тапсырмалар кездеседі. Мұндай болымсыз сұрақтарға абай болыңыз. Асты сызылған сөздерді де мұқият оқыңыз.

3. Барлық жауап нұсқаларын мұқият карап шығыңыз. Кейде «А» жауап нұскасы шатастырушы болуы мүмкін. Мәтінге байланысты жауап нұскасы болуы да ықтимал. Бірақ басқа да жауап нұсқалары мәтіннің мағынасын одан да жаксы түсіндіре алатынын мұқият оқығанда байкай аласыз. Сіз «А» нұскасын асығыс белгілеп жіберсеңіз, емтиханнан соң бұл қателігіңізді түзету кеш болады.
4. Сұрактарды өзіңіздің ыңғайыңызға қарай емес, сұрақта сізден не сұрап тұрғанына қарай тұжырым жасаңыз. Мәтіндегі ойды түсінбеуіңіз мүмкін, бірақ сізден не сұрап тұрғаны маңызды, себебі сұралған нәрселер мәтінде айтылғандар болып табылады.
5. Ұзақ көлемді тапсырмалардан корықпаңыз. Сұрактың ұзақтығы мен киындығы көбінесе бірдей емес. Беттің жартысын алатын сұрактар баскаларға карағанда әлдекайда жеңіл болуы мүмкін. Ұзақ сұрактарда көбіне оқиға беріледі де, оны көз алдыңызға елестетіп, есте сақтау жеңіл болуы үшін сұракты оп-онай шешесіз.
6. Мәтіннің негізгі ойы әдетте соңғы сөйлемдерге келеді. Айрықша жағдайларды есептемегенде, мәтіннің негізгі ойын соңғы сөйлемдерден іздеңіз.
7. Соңғы және ең маңызды әдіс. Мәтін сұрактарын барлығы шеше алады, бірақ маңыздысы – сізге берілген уақытта шешіп үлгеру. Сол себепті тәжірибе жинап, тез шешуді үйрену өте маңызды. Тәжірибе жинау үшін белгілі бір тәртіппен сұрактар шешуіңіз керек. Ендеше, сізге ұсынысым – күн сайын кем дегенде 5-6 мәтін сұрағын шешу.

Мәтінді талдау:



СӨЗ
деңгейі

СӨЙЛЕМ деңгейі

МӘТІН
деңгейі

Формасы: (Жазбаша – әдеби норманы қатаң сақтап жазу түрінде сипатталады.

Ауызша– дыбысталып, әдеби норманың еркін түрімен сипатталады).

Мәтін типі, түрі: (Суреттеу, баяндау, талқылау, сендіру, аргумент келтіру, монолог, диалог, полилог)

Стилі: (Публицистикалық, ғылыми, көркем әдебиет, ресми іс-қағаздар. Стильдік ерекшелігін жазу).

Жанры: (Мақала, әңгіме, сұқбат, репортаж, монография, ғылыми журнал, бұйрық, арыз, қызметтік хат, хат, имейл, блог-пост, үндеу мәтіні, өмірбаян, күнделік, жол жазбалары, жарнама, хабарландыру, нұсқаулық, хабарлама, баяндама, мінберсөз).

Көзделген аудиториясы:

Түрлі жастардағы топтарға, яғни, өте кішкене балаларға немесе зейнеткерлерге;

Арнайы топтарға: мысалы, тарих немесе футболға қызығушы адамдарға;

Кәсіби мамандарға: мұғалімдерге немесе дәрігерлерге;

Әртүрлі әлеуметтік топтарға: жұмыссыздарға, еріктілерге, жас қызметкерлерге;

Жалпы аудиторияға: кең шеңберлі оқырмандары бар танымал газеттерге.

Мақсаты: (Ақпарат беру, Қызықтыру, Сендіру, Дауласу, Талқыға салу, Суреттеу,

Ақыл-кеңес беру, Нұсқау беру, Сын пікір беру, Баға беру, Тәрбиелеу, Хабарлау)

Мазмұны:(Мәтінде не туралы айтылады?)

Тілі:

Сөз деңгейінде:

Жалқы есімдер адам және жер, ұйым аттарынан мағлұмат беріп тұр;

Сын есімдерді салыстырып көрсету, сапаға назар аударту мақсатында шырайлар қолданылып тұр;

Сандық, статистикалық мәліметтерді беру, нақты мәліметтер базасынан ақпарат беру мақсатында сан есімдер қолданылған;

Есім сөздердің орнына есімдіктер қолданылып тұр. (Мысалы, кейбіреу, мынау, өзі, сол, ештеңе)

Мезгілі, мекен, себеп мәнді сөздер, үстеулер қолданылған. (Мысалы, қазіргі таңда, ен әуелі, жыл соңына қарай, ертеңгі күні, қазір)

Шылау сөздер себеп пен салдарды, қарсылықты, талғау, түсіндіру мәнді білдіру мақсатында келтірілген (Мысалы, сол себепті, өйткені, алайда, бірақ, дегенмен).

Кейіпкердің көңіл-күйін білдіру мақсатында одағай сөздер қолданылған.

Кәсіби терминдер мен жаңа сөздер тақырыпты ашу мақсатында қолданылған;

Қыстырма сөздер сөйлеуші көзқарасын аңғарту үшін, ойын санамалап жеткізу үшін қолданылған (біріншіден, екіншіден, деректерге сүйенсек, меніңше, т.б.);

Қаратпа сөздер тыңдаушының назарын аударту үшін қолданылған.

Ауыспалы мағынадағы сөздер, әдеби стильдегі сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестер (теңеу, эпитет, метафора, синоним) ойды әсерлі жеткізу үшін берілген;

Қысқарған сөздер ықшамдау мақсатында қысқартылып берілген.

Қос сөздер берілген (Қайталама, косарлама қос сөздер бар).

Тақырыпқа сай жаңа сөздер бар: (стандарт, техникалық ережелер, шикізат, бәсекеге қабілетті, талапқа сай, өнім өндеу).

Сөйлем деңгейінде:

Мәтінде ... құрмалас сөйлем бар. Құрмалас сөйлемдер күрделі ойды білдіру мақсатында қолданылып тұр. Жай сөйлемдер басымырақ. Негізінен хабарлы және жай

сөйлемдермен автор, сөйлеуші бір қалыпта баяндайды. Хабарлы сөйлемдер ойды

хабарлау мақсатында, сұраулы сөйлемдер бір нәрсе жайында ақпарат білу, сұрау

мақсатында, лепті сөйлемдер көңіл-күйді, автордың эмоциясын білдіру мақсатында

қолданылған. Риторикалық сұрақтар кездеседі (....?)

Мәтіндегі іс-әрекетте шақтардың әр алуандығы байқалады (өткен шақ- Ауыспалы келер шақ - ..., осы шақ -);

Мәтін бірінші, екінші немесе үшінші жақта баяндалған (қағаздарын таратты – 3-жақ, шешім қабылдадық – 1-жақ);

Төл сөзді сөйлемдер арқылы берілген (....).

Мәтін деңгейінде:

Мәтін үш абзацтан тұрады, абзацтарды байланыстырушы сөздер: *олар – роботтар*. Мәтіннің логикалық құрылымы бар: **кіріспе бөлімінде** IT университеті студенттері жасаған роботтар туралы айтылса, **негізгі бөлімде** олардың жасап жатқан қызметі жөнінде айтылады да, **қорытындыда** QR-кодтың пайдасын айтып кетеді. Автор оң көзқарасын білдіреді. Автор көзқарасынан қарастыратын мәселелері бар екенін аңғаруға болады. Мәтін мазмұны қолжетімді, түсінуге жеңіл немесе мәтін мазмұнын түсіну қиындық тудырады, жаңа сөздер көп қолданылған.

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

С.Кабдрахманова

«29» март 2024 ж

«Келісемін»

Оқу ісінің меігерушісі:

Ж.Байманова

«28» 08 2024

Оқу сауаттылығына дайындық жоспары

№	Сабақ тақырыбы	Күтілетін нәтиже	Сағат ы	Мерзімі
1	Курстың мақсаты мен міндеттері	Мәтінмен танысып, тақырыбы мен идеясын ашады.	1	6.09.
2	Мәтін және оның түрлері		1	6.09.
3	Естелік, эссе түрлері	Мәтін формасы мен түрін тауып, әрқайсысы жоспар құрады.	1	13.09
4	Ертегі, мысал, аңыз, оның түрлері		1	13.09
5	Ақпарат хат, хабарламалар	Мәтін стилі мен жанрын табады.	1	20.09
6	Мәлімдеме хат		1	20.09
7	Шешендік сөздер	Мәтін мақсаты мен көзделген аудиториясын анықтайды.	1	27.09
8	Шешендік сөздердің түрлері		1	27.09
9	Оқу сауаттылығы туралы түсінік	Мәтіндегі кейіпкерлер мен олардың әр ісіне мән беріп, жазбаша пікір білдіру.	1	04.10
10	Тест тапсырмалары		1	04.10
11	Мәтін, оның түрлері	Топтасып мәтінге тірек болған негізгі сөздерді табу.	1	11.10
12	Мәтіндегі кейіпкер мінезі		1	11.10
13	Мәтіндегі негізгі ой	Жұптасып әңгімелесу, сұхбат, рөлге бөлу, жұптық қойылым.	1	18.10
14	Мәтіндегі көмекші ойлар		1	18.10
15	Мәтіннің тқырыбы	Мәтінінің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін тауып, арасындағы дәнекер сөйлемді анықтайды.	1	08.11
16	Мәтінге ат қою		1	08.11
17	Мәтіннің тірек сөздері	Екі топқа бөлініп, бірі-«Торлы диаграмма», екіншісі-«9 гауһарды» құрастырады.	1	15.11
18	Мәтінге байланысты сұрақтар		1	15.11
19	Оқу сауаттылығынан тест	Шеңбер құра отырып, әр оқушы мәіннен түсінігін бір сөйлеммен жеткізе отырып, мәтін бойынша бір-біріне сұрақтар қояды.	1	22.11
20	Қатемен жұмыс		1	22.11
21	Мәтінді талдау	Мәтіндегі әр азат жолдың ойын анықтайды.	1	29.11
22	Мәтіндегі оқиға, уақыт, орын және кейіпкерлер		1	29.11
23	Мәтін авторының сезімі	Мәтіндермен жеке танысып, айтпақ ойын мақал-мәтелдермен өрнектейді.	1	06.12
24	Мәтін фабуласы		1	06.12

25	Мәтінді талдау	Берілген сұрақтарға жауап бере отырып, мәтіннің кыр-сырына үңіледі.	1	13.12
26	Мәтіндегі тірек сөздер		1	13.12
27	Мәтін бойынша сұқбат	Мәтіндегі ойға сәйкес келетін нақыл сөзді табады.	1	20.12
28	Мәтін бойынша сұрақ құрастыру		1	20.12
29	Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты табу	Оқушылар мәтін бөліктерімен жұмыстана отырып, түйінді ойын анықтайды.	1	27.12
30	Мәтін тақырыбына қатысты өз көзқарасын білдіріп, эссе жазу		1	27.12
31	Абайдың «Он жетінші кара сөзіне» «Фишбоун» әдісі арқылы талдау жасайды.	«Фишбоун» әдісімен жұмыстануда оқушылар берілген балық қаңқасына кара сөзден проблеманы, оның туындау себептерін анықтайды, дәлелдерін келтіреді, қорытынды жасайды.	1	10.01
32		Себептері Проблема  ДәлелдерҚорытынды Проблема: Себептері: Дәлел: Қорытынды:	1	10.01
33	Тірек сөздер арқылы мәтін құрау.	Тірек сөздерді пайдалана отырып, оқушылар мәтін құрайды.	1	17.01
34	Негізгі ойды анықтау		1	17.01
35	Мәтін бойынша бойынша тест сұрақтарын құру.	Мәтінмен толық танысып, сол бойынша тест сұрақтарын құрастырады	1	24.01
36	Қатемен жұмыс		1	24.01
37	Мәтінді бойынша өздік жұмыс.	«Егер сіз автор болсаңыз шығарманы қалай аяқтар едіңіз?» өздік жұмыс.	1	31.01
38	Мәтінді талдау	Мәтінді талдау	1	31.01
39	Мәтін бойынша жуан, жіңішке сұрақтар қою.	Мәтін мазмұнына сүйене отырып, жуан, жіңішке сұрақтар құрастырады.	1	07.02
40	Тест құрастыру	Тест құрастыру	1	07.02
41	Мәтіндегі көркемдегіш құралдар.	Тенеу, эпитет, метафора	1	14.02
42	Мәтіндегі көркемдегіш құралдар.	Портрет, мінездемелерді табады.	1	14.02
43	«Insert» әдісі арқылы мәтіннен детальді ақпаратты табу.	«Инсерт» әдісі мәтін мазмұнын толық түсінуге, детальді ақпаратты анықтауға жол ашады.	1	21.02
44	Практикалық жұмыс	«V»- бұрыннан таныс; «+»- келісемін; «-»-келіспеймін;	1	21.02

		«?»- толық білгім келеді.		
45	«Категориялы топтастыру» арқылы мәтінмен жұмыс.	«Категориялы топтастыру» оқушы ойына түрткі болып, кейіпкерлер әрекетін жан-жақты сипаттайды.	1	28.02
46	Кейіпкерлер әрекетін сипаттау		1	28.02
47	Ой бөліктерін біріктіріп мәтін құрау	Бөлшектенген ой бөліктерінен мәтін құрап, оған сай тақырыптар ұсынады. Мәтін мазмұны бойынша ойын жинақтау.	1	07.03
48	Мәтін мазмұны бойынша ойын жинақтау		1	07.03
49	«ПОПС» бойынша мәтінге талдау жасау.	П – Менің ойымша мәтін О – Мен оны былай дәлелдеймін П – Мәтінде мынадай фактілер бар С – Қорыта келе, Мәтінді талдап, қорытынды жасайды.	1	14.03
50	Мәтінге түйін жасау		1	14.03
51	Мәтінмен жұмыс: оқу, сұрақтарына жауап беру	Мәтінмен жете танысып, берілген сұрақтарына жауап береді	1	04.04
52	Тест құрастыру.		1	04.04
53	Мәтін мазмұнымен танысып,сұрақтарының жауабын белгілеу.	Мәтінмен танысып, сауалдаға жауап береді.	1	11.04
54	Мәтінді талдау		1	11.04
55	«Арман асуы» тақырыбына эссе жазып, рефлексия жасау.	Дескрипторы: - Өз арманы туралы жүйелі жазады; - Сөз санын сақтайды; - Сауатты жазады; - Мәтінде тұрақты тіркес, мақал-мәтелдер колданады.	1	18.04
56	Мәтінді талдау		1	18.04
57	Мәтін сұрақтарына жауап беру	Сұрақтардың дұрыс жауабын табады, мәтін тіліне талдау жүргізеді.	1	25.04
58	Мәтін тіліне(сөз, сөйлем, мәтін деңгейінде) талдау жасау.		1	25.04
59	«Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы «Ана әрекеі дұрыс па?» дебат ұйымдастыру.	Оқушылар өз ойларын ортаға салып, әрқайсысы өз позициясын қорғайды әрі қазақ кие тұтқан ұғымдар туралы ой қозғайды.	1	02.05
60	Мәтінді талдау		1	02.05
61	Мәтінде көтерілген проблемаға сәйкес 3 ашық сұрақ құрастыру.	Мәтіннің негізгі тақырыбын төңірегінде проблемалық сұрақтар құрайды.	1	16.05
62	Мәтінді талдау		1	9 мамыр 16.05

63	Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты табу.	Мәтін құрамындағы негізгі және қосымша ақпаратты ажыратады.	1	16.05
64	Мәтін бойынша сұрақ құрастыру		1	9 мамыр 16.05
65	Мәтін тақырыбына қатысты өз көзқарасын 200-220 сөз көлемінде жазу.	Тақырыпқа қатысты өз ойын білдіреді, құрылымын, сөз санын сақтайды.	1	23.05
66	Мәтінге талдау жасау.		1	23.05
67	Шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау. Сұрақтарға жауап беру.	Мәтін сюжетін жіктеп талдайды, берілген сұрақтардың дұрыс жауабын табады.	1	23.05
68	Қорытындылау		1	23.05